

ГАЗ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСІ

2020 жылы табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 3,1%-ке, 8 192 млн м³-ге дейін азайды. Бұл ретте 2 463 млн м³ (30%) операциялық активтердің үлесіне және 5 729 млн м³ (70%) мегажобалардың үлесіне тиесілі. Көлемдер құрылымындағы негізгі үлестер Теңіз бен Қарашығанақ мегажобаларына тиесілі.

ҚМГ үлесіндегі активтер бойынша табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м³

Операциялық активтер	2018	2019	2020
«Өзенмұнайгаз» АҚ + ҚазГӨЗ*	558	680	751
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	207	116	161
(«Жетібаймұнайгаз» ӨБ)*	205	184	150
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	345	346	326
«Амангелді Газ» ЖШС	173	157	185
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	154	135	152
«Ембімұнайгаз» АҚ	143	163	103
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	68	43	49,5
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	0	0	0
Операциялық активтер бойынша барлығы	1 853	1 823	1 877

Мегажобалар бойынша тауарлық газ өндіру (ҚМГ үлесіне), млн м³


Мегапроект	2018	2019	2020
Теңіз	1 837	1 894	1 735
Қарашығанақ	949	911	899
Қашаған	301	293	287
Мегажобалар бойынша барлығы	3 087	3 099	2 921

Газ өндіру бойынша мөндер өндірілген газдың нақты көлемін құрайды, оның ішінде резервуарға және өз қажеттіліктеріне қайта айдау. Газды кері айдау мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қолданылады.

2020 жылы тауарлық газ өндірісінің көлемі 4 798 млн м³ құрады, оның ішінде операциялық активтер есебінен 1 877 млн м³ және мегажобалар есебінен 2 921 млн м³. 2019 жылмен салыстырғанда ҚМГ тауарлық газ өндірісі жиынтықта 124 млн м³ немесе 2,5%-ке азайды.

ҚазГӨЗ өзі өндірген шикізатты қайта өңдеумен қатар тауарлық газды өз бетінше өндірмейтін ҚМГ-нің басқа операциялық активтерінен алынған шикізат негізінде тауарлық газ өндіреді.

ҚМГ үлесіндегі активтер бойынша табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м³



- «Өзенмұнайгаз» АҚ
- «Ембімұнайгаз» АҚ
- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (50%)
- «Қазгермұнай» БК» ЖШС (50%)
- «Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)
- «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33%)
- «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)
- «Қазақтүрікмұнай» ЖШС
- «Амангелді Газ» ЖШС (ҚТГ)
- «Өріқтау Оперейтинг» ЖШС
- Қарашығанақ
- Қашаған
- Теңіз

* «Өзенмұнайгаз» АҚ пен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-тан шикі газ ҚазГӨЗ-ге жеткізіледі. Орынбор газ өңдеу зауытына шикі газды жеткізу көлемі.